

тексеру деп, белгілі бір дәрежеде күтілген мүмкіндікті нәтижелердің туындау мүмкіндігін растауын айтады [8, 70-71 бб.].

Заңсыз эксперимент жүргізу кезінде жауаптылық жәбірленушінің өміріне және денсаулығына ауыр зиян келтіргендігіне қарамастан қасақана адамның өміріне және денсаулығына қарсы қылмыстар ретінде жауаптылық туындауы тиіс. Бірқатар ғалымдардың пікірінше, (В. Глушков, И. Карпец) эксперимент жасау кезіндегі іс-әрекет әрқашанда қасақаналықпен жүзеге асырылады. Олардың айтуынша, экспериментатор белгілі бір іс-әрекеттерді жасау кезінде, қасақана әрекет ете отырып, қолайлы зардаптардың туындауын тілей отырып тәуекелге жиі барады, бірақ олардың алдын аламын деп, зиянды зардаптардың туындау мүмкіндігіне жол беріп қояды. Кез келген медициналық экспериментті жүргізу барысында науқас адамның тәуекелге бел буатындығы жөнінде келісімі болуы қажет. Егер келісім болмаса немесе ол ерікті және саналы түрде алынбаса (психикалық науқастар, сотталғандар, өлім жазасына кесілгендер, әскери тұтқындарға эксперименттер жасалса), онда мұндай эксперимент қылмыс болып танылады.

1. Баулин Ю.В. Обстоятельства, исключющие преступность деяния. - Харьков: Изд-во Основа, 1991. – 360 с.
2. Домахин С.А. Крайняя необходимость по советскому уголовному праву. - М.: Гос. Изд-во. юрид. лит., 1956. – 80 с.
3. Основы рентгенодиагностической техники// учеб пособие / под ред Н.Н. Блинова. – М.: Медицина, 2002. – 392 с.
4. Красиков А.Н. Сущность и значение согласия потерпевшего в советском уголовном праве. – Саратов: Изд-во Саратовского Университета, 1976. – 120 с.
5. Дргопец Я., Холлендер П. Современная медицина и право / Пер со словац. – М.: Юрид. лит. – 336 с.
6. Даль М.А. Словарь русского языка. – М., 2006. – 348 с.
7. Рустемова Г.Р. Проблемы борьбы с преступлениями в сфере медицинского обслуживания населения. – Алматы: Изд-во Гридан, 1999. – 296 с.
8. Курс советского уголовного права: Часть особенная / отв. ред. Н.А. Беляев, Н.С. Лейкина, В.К. Глистин. – Ленинград: Изд-во Ленинградского Университета, 1978. – Т. 2. – 557 с.
9. Батенева Т.А. Врачи праздновали Новый год, двухмесячная Соня осталась инвалидом // Известия. – 2007. – 21 февраля

In this article author researches concept and description exclude criminal responsibility sphere medical service population. And scientists different opinions to this problem and their reasons.

В данной статье автором раскрываются понятие и характеристика, исключющие уголовную ответственность в сфере медицинского обслуживания населения, также различные мнения ученых по данной проблеме.

Н.Б. Мергембаева

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЗАҢЫНДА ТЕРГЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ ТАКТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі таңда тергеу экспериментінің тактикалық және психологиялық ережелері өңделуді және жетілдіруді қажет етеді. Бұл орайда ең алдымен ҚР ҚІЖК 239-бабының заңдық нысанын өзгерту қажеттілігін туғызады. Ол аталған тергеу әрекетін жүргізу нәтижелерін дәлелдеме ретінде бағалауға тікелей әсер ететін бірқатар факторлармен байланысты.

Біріншіден, тергеу және сот тәжірибесін талдау барысында тергеу экспериментін жүргізу кезінде жол берілмейтін бірқатар кемшіліктерді кездестіреміз. Олар: тергеу экспериментінің тактикалық ережелерін сақтамау, іс жүргізушілік тәртіпті бұзу, тергеу әрекетін жүргізу барысында орын алатын субъективті кезеңдерді толық ескермеу.

Екіншіден, тергеу эксперименті әрекеті тергеу, анықтау және сот органдары қызметкерлерімен кеңінен қолданылмайды. Бұл негізінен аталған қызметкерлердің тергеу экспериментін жүргізе алмауымен, қаражат және уақыт үнемдеу себептерімен түсіндіріледі.

Жоғарыда аталған және қазіргі таңда құқық қорғау органдары қызметі тәжірибесінде орын алып отырған жағдай бізді ҚР ҚІЖК 239-бабының заңдық нысанын өзгертуге итермелейді, және де бұл өзгерту енгізу нәтижесі ретінде тергеу экспериментінің тактикалық ережелерін толық және нақты түрде іс жүргізу заңдарында орын алады деп есептейміз.

Біздің ойымызша, заңда тергеу эксперименті әрекетін жүргізудің келесі төменде көрсетілген тұстарына өзгеріс енгізу қажет.

Біріншіден, ҚР ҚІЖК 239-бабының 1-бөлігіне сәйкес, эксперимент жүргізу барысында қандай да бір мән-жайларды қабылдау, қандай да бір әрекеттерді жасау, қандай да бір оқиғаның пайда

болу мүмкіндігі тексеріледі, сондай-ақ орын алған оқиғаның реті және іздердің пайда болу механизмі анықталады. Бұл аталған заң нормасында тергеу экспериментінің түрлері көрсетіледі.

Тергеу экспериментінің түрленуі, ең алдымен, осы тергеу әрекеті алдында тұрған мақсаттардан туындайды [2, 38 б.].

Көптеген әдебиеттерде тергеу экспериментінің алуан түрлі түрлерін сипаттауға қарамастан, бүгінгі күні тәжірибелі іс-әрекеттердің түпкілікті тізбегі жоқ. Сондықтан ұсынылған тергеу экспериментінің қандай да бір тізбегін негізгі деп қарастыруға болмайды.

Іс жүргізушілік құқық нормаларында көрсетілген тәжірибелік әрекеттер тергеу эксперименті мақсаттарын жүзеге асыруға септігін тигізеді, бірақ олар тергеу экспериментінің мәнін нақты және толық түрде ашпайды. Мұндай қорытынды жасау себебіміз, тергеу және сот тәжірибесінде орын алатын, тергеушінің тергеу экспериментін жүргізу барысында оның пәнін дұрыс анықтамау немесе оны дұрыс көрсетпеу жағдайларына байланысты. Өкінішке орай, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер сот және тергеу тәжірибесінде кеңінен орын алған. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда эксперимент тағайындаушы тұлға эксперимент түрін дұрыс анықтай тұра, оның пәнін дұрыс құрастырып көрсете алмайды. Мысалы, автокөлік жүргізушісі қарсы бағыттағы қозғалыстағы автокөлік фарлары жарығынан жолды дұрыс көре алмау нәтижесінен жолаушыны қағып кетеді. Осы тектес жағдайларда тәжірибе қызметкерлері қарсы бағыттағы қозғалыстағы автокөлік фарлары жарығынан жолды көрмеу қалу мүмкіндігін тексеру орнына, жолаушының көріну мүмкіндігіне бағытталған тергеу экспериментін жүргізеді [3, 166 б.].

Бұл кемшіліктер, ең алдымен, тергеу экспериментінің негізгі түрлерінің қылмыстық іс жүргізу заңдарында нақты бекітілмеуінен туындайды. Мысалы, ҚР ҚІЖК қандай да бір мән-жайларды қабылдау мүмкіндігі тергеу экспериментінің түрі ретінде көрсетілген. Жоғарыда атап өткендей, эксперименттің бұл түрі тәжірибеде кеңінен таралған тәжірибелік тексеру түрі болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінде эксперименттің бұл түрінің атауы дұрыс көрсетілмеген деп есептейміз. Белгілі бір мән-жайды қабылдау барысында ол мән-жайды бақылау процесі де орын алады, сондықтан да біздің ойымызша, тергеу экспериментінің бұл түрін қандай да бір мән-жайларды қабылдау және бақылау мүмкіндігі деп атау қажет.

Эксперименттің болған оқиға реттілігін анықтау түрі Қылмыстық іс жүргізу кодексінде жалпы болған оқиғаның және оның бөліктерінің реттілігін анықтау деп аталуы керек деп есептейміз.

Тергеу эксперименті күрделі тергеу әрекеттерінің бірі болғандықтан, оның дәлелдемелерді зерттеуіне, бағалауына көптеген факторлар әсер етеді, өйткені ол факторларға аталған тергеу әрекетінің нәтижесі тәуелді.

Тергеу экспериментіне психофизиологиялық факторлардың әсер етуінің қажеттілігін ескеру сияқты жағдайлар жоғарыда айтылып кетті.

Көзделген жағдай, кейбір криминалистік әдебиеттерде де аталады, бірақ оған қарамастан ол әлі күнге дейін заңда өз көрінісін тапқан жоқ.

Аталған процестер тергеу экспериментінің шеңберінде жиі кездеседі. Белгілі бір фактіні адам өзінің биологиялық, психологиялық, әлеуметтік жай-күйіне қатысты қабылдайды және қайта жаңғыртады. Сондықтан, біз тергеу экспериментінің шеңберіндегі қабылдау процесін айта тұра сезу, ойлау, есте сақтауды шетте қалдырып отырған жоқпыз, өйткені олар аталған тергеу экспериментінің барысында біртұтас процесті құрайды.

Сот және тергеу тәжірибесі аталған психологиялық процестердің әр түрлі тергеу экспериментінің түрлерінде кездесетіндігін қуаттайды. Ал олардың ішінде көруге, естуге бағытталған түрлері аса маңызды рөлге ие. Бірақ, тергеу экспериментінде тәжірибелік қызметкерлер материалдық жағдайды модельдей отырып, субъективті жағдайларды ескермей шетте қалдырады. Олар, өз алдына аталған тергеу әрекетінің нәтижесінің шынайылығына әсер етеді. Тергеу экспериментінің нәтижесі фактілік деректерден тұрады. Фактілік деректер арқылы тергеу барысында нақты құбылыстар, фактілер анықталады. Аталған тергеу әрекетінің нәтижесін бағалау күрделі процесс, олардың шынайылығы объективтік және субъективтік факторларға байланысты болады. Тергеу экспериментінің нәтижелерін дәлелдеме ретінде бағалау процесін авторлар әр алуан қарастырады.

Мәселен, Р.С. Белкин, Н.И. Жукова, А.М. Жуков сияқты авторлар, тергеу экспериментінің нәтижелерін бағалау оның мақсатына, қайта жаңғыртылған жағдайына, жасалған тікелей тәжірибелік әрекеттеріне байланысты болса да, оларды басқа іс бойынша дәлелдемелермен салыстыру қажет - дейді.

Сонымен қатар, материалды жағдайды тергеу экспериментінде қайта жаңғырту болған жағдайларға барынша ұқсас болуы барлығына мәлім, өйткені ол заңда өзіндік көрініс тапты.

Осыған қатысты материалды жағдайларды оқиғаның жағдайларына барынша ұқсастыру тергеу экспериментінің ең маңызды тактикалық жағдайы екендігі мәлім [4, 13 б.].

Бірақ, оған қарамастан, тергеу тәжірибесінде әлі күнге дейін аталған тактикалық жағдайды ескермеу сияқты жағдайлар кездеседі. Оған, әсіресе метеорологиялық жағдайдың қылмыс оқиғасы болған ауа-райына сәйкес болмауы, тергеу экспериментінің зерттелетін оқиға болған жерде жасалмауына қатысты жағдайлар жатады.

Тәжірибелік әрекеттерді модельдеу дегеніміз - біртұтас сынама тәжірибелердің мазмұны, жасалған саны және олардың реті. Көптеген қылмыстық істер бойынша, тергеуші тергеу экспериментін бақылап отырып, олардың жасалу механизмін, оның ішінде тәжірибелік әрекеттердің санын, қатысушылардың тәжірибені жасау тәртібін хаттамада бекітпейді. Тергеу экспериментінің нәтижелерін бағалауда субъективті факторлардың ескерілмейтінін біз қарастырдық. Осындай тәжірибедегі кемшіліктерді жою үшін, аталған жағдайларға “процесуалдық нысан” бергеніміз жөн. Яғни, қылмыстық процесуалдық заңда тергеу экспериментінің нәтижесін бағалау объективті және субъективті факторлардан және тәжірибелік әрекеттің модельденуінен туындауы қажет – деген анықтама міндетті түрде орын алу керек.

Аталған жағдайлар заңда көрініс тапса, осы және т.б., сот және тергеу экспериментіндегі кемшіліктерді жоюға болады.

Эксперимент барысында материалдық ортаны жаңғыртудың маңызы зор. Бірақ, бұл мәселелер қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілгенімен сот және тергеу практикасында материалдық ортаны модельдеуде әлі де болса кемшіліктер орын алады. Аталған кемшіліктер тергеу экспериментінің шынайылығына әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, тәжірибеде тергеу экспериментінің субъективті факторларын модельдеудің де кемшіліктері орын алып отыр. Егер айтылған ережені қылмыстық іс жүргізу заңында бекітетін болсақ, аталған кемшіліктердің алдын алу мүмкін болар еді. Сонымен, сот және тергеу өндірісінің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, қылмыстық-процесуалдық заң нормаларында тергеу экспериментінің психологиялық аспектілерін модельдеу орын алу керек деп ойлаймыз.

Аталған жағдай, қылмыстық іс жүргізу заңында: “Тергеу экспериментін жүргізу барысында, тергеуші қылмыстық оқиғаның қандай да бір фактісін қабылдаған тұлғаның эмоционалдық және ішкі жан-күйін, яғни, психикалық жағдайын модельдеуі қажет” - деп көрсетілуі керек.

Тергеу және сот тәжірибесі, әрбір екінші жүргізілетін эксперименттің белгілі бір адамдардың жауаптарын тексеруге бағытталаынын дәлелдеп отыр. Сондықтан, сезікті мен айыпталушы міндетті түрде қатысуы криминалистік тұрғыдан тиімді, бірақ ол аталған адамдардың конституциялық құқықтарына қайшы келмеуі керек, яғни, олардың экспериментке қатысуы конституциямен қорғалатын құқықтарының шеңберінде жатқандығын ескеруіміз қажет.

Сондықтан, аталған жағдайлар қылмыстық процесуалдық заңда өз көрінісін табуы қажет.

Жоғарыдағы ережелердің тергеу экспериментіне қатысатын куәлар мен жәбірленушілерге де қатысы бар.

Осыған қатысты Р.С. Белкин, жәбірленуші тергеу экспериментіне екі түрлі жағдайда: біріншіден, эксперименттің жағдайын қайта жаңғыртуға көмектеседі, екіншіден, жауаптарын тексеру мақсатында қатысуы мүмкін – дейді [5, 265 б.].

Айтылған ережемен келісу қиын, өйткені жәбірленуші мен куәнің тергеу экспериментіне қатысу жағдайы сезікті мен айыпталушының қатысу жағдайларымен бірдей, сондықтан автор көрсеткен жағдайлардың куәлар мен жәбірленушілерге де қатысы болмақ.

Қажет болса, тергеу экспериментіне сарапшы мен маман да қатыса алады. Тергеу эксперименті барысында маманның қатысуы аса қызықты және қажетті рөлге ие. Ол экспериментке дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалаумен қатар, ғылыми техникалық құралдарды қолдану кезінде аса маңызды көмек көрсетеді.

Атап айтсақ, маманның эксперимент барысында көмек көрсетуі, аталған тергеу әрекетінің түрі мен мазмұнына байланысты болады.

Маманның тергеу экспериментінде жол көлік оқиғаларына қатысты істерде жиі қатысатындығын сот және тергеу тәжірибесі дәлелдеп отыр. Мұндай істерге байланысты, мамандар ретінде МАИ қызметкері, сараптама ұжымының қызметкерлері қатыса алады. Сондай-ақ, мамандар тергеушіге дәлелдемелерді алуға, бекітуге ғана көмектеспей, сонымен қатар, олар тергеу экспериментін жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шараларды сақтауға қатысты мән-жайларға көңіл бөлуге тиісті және бұл туралы тергеушіге ескертулер жасағаны жөн.

Мысалға, маман жол көлік оқиғаларына байланысты тергеу экспериментіне қатысса, яғни, МАИ қызметкері ретінде, онда ол тергеу эксперименті жүргізілетін жерді қоршау, уақытша ол жерде жолаушылар мен көлік құралдарының жүруін тоқтатуға қатысты шараларды шешеді.

Аталған шаралардың сақталынбауы тергеу экспериментін жүргізудің теріс ықпалына әкеп соғады (мысалы, көліктің басқа объектілермен соқтығысуы).

Тергеу экспериментіне сарапшының қатысуы да маңызды рөлге ие. Көптеген уақыт бойы сарапшы мен маманның экспериментке қатысуына байланысты даулар туындаған, олар аталған тұлғалардың өкілеттілігінің бір-біріне ұқсастығының нәтижесінде пайда болды. Бірақ, қазіргі кезде, олардың құқықтары мен міндеттерінің бір бірінен ажыратылуының нәтижесінде аталған дау шешілді деп тұжырымдай аламыз.

Қорыта келгенде, тергеу экспериментінің қатысушыларына қатысты жоғарыда аталған тактикалық ережелері ҚР ҚДЖК 239-бап 4-бөлігінде төмендегідей көрініс табуы керек:

Тергеу эксперименті куәгерлердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тергеу экспериментіне өздерінің келісімімен және айрықша жағдайда сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә қатыстырылуы мүмкін. Сол сияқты, қажет болғанда және олардың келісімімен маман, сарапшы, қорғаушы және тәжірибелік іс қимылдарды жүргізетін адамдар қатыстырылуы мүмкін. Экспериментке қатысушыларға оның мақсатымен толық түрде, ал жүргізілу тәртібімен қатысушылардың әрқайсысы тек қажетті шекте ғана таныстырылуы қажет.

Қорыта айтқанда, тергеу экспериментінің түрлері қылмыстық іс жүргізу заңында түгел талданып көрсетілуі керек, сонымен қатар сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә тергеу экспериментінде айрықша түрде міндетті қатысушылары болып көрсетілуі керек. Сондай-ақ субъективті факторларды модельдеу тергеу экспериментінде процессуалдық нысанға айналуы керек.

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 ж. 16 шілде. 11.01.2011 ж. өзгертулер мен толықтырулар.
2. Қазақстан Республикасының ҚДЖК 1997 жылғы 16 шілдедегі 2010 ж. толықтырулар мен өзгертулермен
2. Дулов А.В. Вопросы судебной психологии. – Минск. 1970. - 164 с.
3. Криминалистическая тактика: //учебник // под ред. А.Я. Гинзбург, Р.С. Белкин. - Алматы: Изд. Аян Эдет. -1998. - 478 с.
4. Жәкішев Е.Г. Криминалистік тактика. - Алматы: Жеті Жарғы. -1997. - 92 б.
5. Белкин Р.С. Криминалистика: // учебник. - М., 1987. - 339 с

In this article the author examines the experimental method as a tactic in criminal investigation - procedural law.

В данной статье автор рассматривает экспериментальный метод как тактику следствия в уголовно - процессуальном праве.

Б.Р. Таубаев

ПАРА АЛУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІ ЖӘНЕ СУБЪЕКТИВТІ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 311-бабында мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамның не оған теңестірілген адамның өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлікке құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, егер мұндай іс-әрекет мемлекеттік қызметтер атқаруға өкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттілігіне кіретін болса не ол қызметтік жағдайына байланысты осындай іс-әрекетке (әрекетсіздікке) мүмкіндік жасаса, сол сияқты жалпы қамқоршылық немесе қызметі бойынша жол берсе пара алу болады делінген.

Пара алудың заңдық құрамы бұрынғы заңдарға қарағанда едәуір жетілген, бірақ оның кейбір мәселелері қылмыстық құқық теориясында, сот тәжірибесінде әлі күнге даулы болып табылады. Пара алу құрамынан объективтік жағынан бірнеше белгілері бір жүйеге келтірілген онша дау туғызбайды, соның бірі – параны адамның осы делдал арқылы алу. Соның бірі парақор адамның өзі немесе делдал арқылы алу. Бұл екі жағдайда да “іс-әрекетте қылмыс құрамы орын алады. Сондай-ақ пара субъектісі болатын адамның пара үшін жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі деген ұғымда онша даулы емес, сот тәжірибелерінде бұл мәселеде көп қиындығы жоқ, яғни әрекет немесе әрекетсіздік деген ұғым лауазымды адамның пара алуға байланысты белсенді немесе енжарлық қимылын бейнелейтінін түсінеміз. Параны алудың ашық немесе көмескі түрлерді де онша қиындық туғызбайды. Параны ашық алу деген бір қолдан екінші қолға пара затын тікелей өткізу, ал параның көмескі түріне сырттай қарағанда заңды болып көрінетін, бірақ пара алу субъектісінің көрсетілген қызметі үшін істеліп отырылған заңсыз іс-әрекеттер (мысалы, картадан